

**Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына ақшалай үлес төлеуді реттеу мен олардың әлеуметтік қорғалуын күшейту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 13 қарашадағы N 2630. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

"1995 жылға арналған республикалық бюджет туралы "Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар 1995 жылғы 15 наурыздағы N 2120 U952120\_ Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі Заң күші бар N 2371 U952371\_ Жарлығына сәйкес қаулы етемін:

1. "Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына ақшалай үлес төлеуді реттеу мен олардың әлеуметтік қорғалуын күшейту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 8 тамыздағы N 2400 қаулысына сәйкес беріліп келген әскери қызметшілердің ( мерзімді әскери қызметшілерден басқаларының) және ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамындағы адамдарының лауазымдық жалақылары мен әскери атақтары және арнаулы әскери атақтары бойынша жалақыларына 1995 жылғы 1 қазаннан бастап 1,07 түзетілген есеп айырысу коэффициенті қ о л д а н ы л с ы н .

2. Қызметте тұрған әскери қызметшілердің, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының осы Жарлыққа сәйкес өсірілген лауазымдық жалақылары мен әскери атақтары бойынша және арнаулы әскери атақтары бойынша жалақыларына қарай бұрын тағайындалған зейнетақылары 1995 жылғы 1 қазаннан бастап қайта есептелсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*